

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1446 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық білім беру жүйесін одан әрі оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер қайта аталсын.

2. 1-тармаққа сәйкес қайта аталатын мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат және бекітілген штат санының лимиті шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер таратылсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у л а р **е н г і з і л с і н :**

1) «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
т у р а л ы **е р е ж е д е :**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарының тізбесінде:

«1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» деген бөлімде:
реттік нөмірлері 18, 22, 24, 25-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Астана қ а л а с ы) » ;

«22. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Теміртау қ а л а с ы) » ;

«24. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Қостанай қ а л а с ы) .

25. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Ақтау қаласы)

» ;

реттік нөмірлері 19, 20, 21, 23, 26-жолдар алып тасталсын;

2) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының л и м и т т е р і н д е

1 - б ө л і м д е :
м ы н а :

«

Облыстардың бюджеттері мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы , оның ішінде:	46 924
---	--------

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Облыстардың бюджеттері мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы , оның ішінде:	46 753
---	--------

»

;

2), 10), 12), 13) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«

2)	Ақмола облысының Ішкі істер департаменті	2629
10)	Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті	4970
12)	Қостанай облысының Ішкі істер департаменті	2755
13)	Маңғыстау облысының Ішкі істер департаменті	1874
17)	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	84 694, 5

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 29-1), 29-2), 29-3), 29-4) жолдармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«

29-1)	ІІМ Оқу орталығы (Астана қаласы)	58
29-2)	ІІМ Оқу орталығы (Теміртау қаласы)	40
29-3)	ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қаласы)	44
29-4)	ІІМ Оқу орталығы (Ақтау қаласы)	29

».

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қайта аталған мемлекеттік мекемелерді Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуді;

2) осы қаулыны іске асыру бойынша өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз е т с і н .

6. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2014 ж ы л ғ ы 31 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1446 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы қайта аталатын мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. «Ақмола облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Астана қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесіне.

2. «Қарағанды облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Теміртау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесіне.

3. «Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Қостанай қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесіне.

4. «Маңғыстау облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орталығы (Ақтау қаласы)» республикалық мемлекеттік мекемесіне.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2014 ж ы л ғ ы 31 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1446 қ а у л ы с ы н а
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарамағындағы таратылатын мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Ақтөбе облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы.
2. Атырау облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы.

3. Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы.
4. Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы.
5. Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің оқу орталығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК